

43 Зорлық-зомбылық қылмыстылығының және бұзақылықтың себептері мен шарттары

1. Қасақана адам өлтірудің, денсаулыққа ауыр жарақаттар салудың және бұзақылықтың криминогенді детерминанттары

Қасақана адам өлтірудің, денсаулыққа ауыр жарақаттар салудың және бұзақылықтың себептері мен шарттары (криминогенді детерминанттары)



Агрессивті әрекеттерге итермелейтін жеке басындағы қиындықтар, төмен материалдық жағдай және үй-жайының болмауы

Халықтың жекелеген топтары арасында зорлық-зомбылықтың орын алуына мүмкіндік беретін көзқарастардың, шиеленісті жағдайларда агрессивті-зорлықшыл мінез-құлқ стереотиптерінің кең таралуы

Қылмыстық ортаның ықпалы

Қылмыстық әрекетке түрткі болған жәбірленушілердің виктимді (жеңіл ойлылық, адамгершілікке қайшы, құқық нормаларына қайшы) мінез-құлқы

Отбасындағы, көршілер, қызметтестер арасындағы арандатушы ситуациялар

Құқық қорғау органдарының отбасылық-тұрмыстық криминогенді ситуацияларды дер кезінде анықтай алмауы, осындай жағдайларға салғырттықпен қарауы

Зорлық-зомбылық қылмыстылығының алдын ала орын алатын жәбірленушілерге және өзге де адамдарға қатысты күш қолданамен, ұрып-соғумен, денсаулыққа жарақаттар салумен, бұзақылық әрекеттермен қорқытуларға салғырттықпен қарау

Қылмыстылықтың қайталануымен күресу бағытындағы құқық қорғау органдарының қызметіндегі кемшіліктер

Қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қорғауда, полиция қызметін, ішкі істер органдарының қызметін ұйымдастыруда орын алатын кемшіліктер

Жеке адамға қарсы қылмыстардың басым көпшілігінің латенттілігі және жазалаусыз қалуы

Психикалық аурулары немесе ауытқушылықтары бар адамдарды анықтаудағы кемшіліктер

Жастардың қоғамға қайшы топтарының қалыптасуына ықпал ететін мән-жайлар


Қару-жарақты ұқыпсыз сақтау: қару-жарақтың, оқ-дәрілердің, жарылғыш заттардың, түрлі улы заттардың заңсыз айналымына қарсы шаралардың дер кезінде қабылданбауы

Күш қолдану әрекеттеріне, бұзақылыққа, өзге де аморальді немесе құқыққа қайшы мінез-құлыққа айналадағылардың салғырттықпен қарауы

Тұрғылықты мекен-жайы немесе жұмыс орны бойынша тәрбие жұмыстарының әлсіздігі, бос уақытты өткізу, халықтың мәдени өмірін және т.б. ұйымдастырудағы олқылықтар

2. Зорлаудың криминогенді детерминанттары

Зорлаудың криминогенді детерминанттары
(жоғарыда көрсетілгендерден басқа)



Қоршаған микроортаның аморальді және жыныстық бей-берекет өмір сүруге ықпал етуі

Балалардың, жасөспірімдер мен жастардың адамгершілік және жыныстық тәрбиесіндегі білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау органдарының қызметіндегі кемшіліктер

Кәмелетке толмағандар мен жастар арасында ішімдікке салынудың, нашақорлық пен уытқұмарлықтың кең таралуы, соның себебінен жыныстық қатынастар саласындағы криминогенді ситуациялар

Жыныстық өмірдің бостандығын насихаттаудағы теріс көзқарастар

Кейбір жәбірленушілердің жеңіл ойлылығы, ұқыпты болмауы және олардың арандатушы мінез-құлқы

Балалардың қараусыз қалуы


Зорлық-зомбылықпен ұштасатын жыныстық азғын әрекеттерге бейім сексуалды патологиясы бар адамдарды анықтаудағы құқық қорғау және денсаулық сақтау органдарының қызметіндегі кемшіліктер

Адамның жыныстық бостандығы мен жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың толық немесе дер кезінде ашылмауы

Жезөкшелікпен, жеңгетайлықпен, притон ұстаушылықпен, порнографиялық өнімдіерді таратумен күрестегі кемшіліктер мен олқылықтар

3. Жасөспірімдердің агрессивті-зорлықшыл мінез-құлқын қалыптастыратын мән-жайлар

Жасөспірімдердің агрессивті-зорлықшыл мінез-құлқын қалыптастыратын мән-жайлар



Шиеленістерді күш қолдану арқылы шешу мүмкіндігі туралы пікір қалыптастыратын отбасындағы мән-жайлар

Тұрғылықты мекен-жайы, жұмыс орны, оқу орны бойынша қоршаған ортаның жағымсыз, негативті ықпал етуі

Адамдарға, жануарларға қатысты қатыгездік көрсетуі

Топ болып төбелесу, ұрып-соғулар

Жасөспірімдерді ішімдікке салынуға, есірткі және өзге де уытқұмар заттарды тұтынуға тарту